

АРМАНМЕН БОЛСЫН ӘРБІР КҮН

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» демекші, бүгінгі әңгіміміз арманға байланысты болмақ.

Әр адамның өмірде өз жолы бар. Дұрыс не бұрысын таңдау өзінің еншісінде. Бірақ көпке барам дейтін адам дұрыс жолда еңбек етіп, алға қарай жүреді. Жалпы, адамды самғататын ол – еңбек. Бізге кейде бірнәрсені жасау керек болса қиналамыз, барғымыз келмейді, ұйықтап, демалғымыз келеді. Бірақ бұл еріншектікті қою керек. Себебі көшеде кетіп бара жатсаң түрлі адамдарды көресің. Бірінің қолы, бірінің аяғы жоқ. Енді бірі естімейді не болмаса сөйлей алмайды. Сонда бәрі еңбек етуде. Аяқкімің бұзылса етікшіге барасың. Ал етікшілердің көбі сөйлей алмайтындар. Бірақ бәрі өмірден өз жолдарын іздейді, алдынан бақытты күтеді. Ал біздің, Аллаға шүкір, он екі мүшеміз аман, деніміз сау. Бізде жасаймын десең мүмкіндік мол. Тек алға қарай ұмтылып, еңбек ете беру керек. Сонда ғана жемісін көресің. Бір нәрсе жасап «Мен еңбек еттім, түк шықпады» деу бекершілік. Одан әрі жалғай беру керек. Сонда ғана еңбектің жемісі байқалады. Ол бір емес, бірнешеде шығуы мүмкін. Тек берілмеу керек.

Кейде теледидардан не болмаса бір кісілерден естіп жатамыз: адамға бір пайыз дарын берілсе, қалған тоқсан тоғызы еңбекпен келеді. Яғни сен қызығатын жұлдыздар, сен қызығатын жоғарыда отырған кісілер, әкім, ұстаздар бәрі-бәрі осы бір еңбектің арқасында сондай дәрежеге жеткен кісілер. «Мен жетпедім, өспедім» деп үйде отырғанда, өзге адам жету керек деп жоғарыға ұмтылады. Ұмтылған, талпынған адам түптің-түбі өз арманына жетеді. Бәріне жетпесе де белгілі бір бөлігіне жетеді. Үлкен бір кітапты бастар алдында «мен бұны оқып бітіре алам ба, көп екен, қызығы қай жерінде екен» деп соңын оқыған адам кітапты мазмұнын түсінбейді, негізгі ұғымын, пайдасын сезінбейді, ал қандай томдық кітап болмасын, қызығып бірден кірісіп, басынан соңына дейін қызығушылықпен оқыған адам, жаңағы айтқан адаммен бірдей бітіруі мүмкін.

Бұның бәрін неліктен жазып отырмыз. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары мына таңда бұрынғыдан әлдеқайда көп. Сол себепті оларға біліммен қатар, өнегелі тәрбиені, бойларындағы патриоттық сезімді одан әрі дамыту біздің бір міндетіміз деп білеміз.

Зазулин Д.М., Кемелжанова С.Е.

БҮГІНГІ ТАҢДА БІЗ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДАМЫЗ?

1949 жылы Совет жобасының ядролық қаруды өңдеуі аясында келешекте сынақ полигонының орналасқан жері ретінде Қазақстандағы Семей қаласы маңында орналасқан аймақ таңдалды. 1949 жылдан 1989 жылға дейін 456-дан астам ядролық қару сынақтары өткізілді. Семей қаласының тұрғындары (елді мекеннің қазіргі атауы) осындай сынақтардың болуы жайлы ескертілмеген, тіпті жарылыстардың нәтижесі қандай болатынын да елестетпеген.

Осы орайда «біз бұл жағдайдан қалай өттік және бүгінгі таңда біз қандай жағдайдамыз?» деген сауалға жауапты қазір осында бөлісем. Қоғамда қандай өзгерістер орын алуға және бұған дейінгі қоғамның мәселелері қайсы болды? деген сауалдар көп адамдардың ойына бір кіріп-шығары анық. Осы тұрғыдан алғанда, мен бүгін осы сұрақтарға өз ойыммен жауап бермекпін. Бүгінгі бейбітшілік заманға дейін еліміз небір сындардан өткені анық. «Ұлы Отан соғысы», «Желтоқсан оқиғасы», т.б. сынды оқиғалар ел тәуелсіздігі, еркіндігі үшін жасалынған зор қадамдар болатын. Сол уақыттарда халыққа мол зиянын тигізетін бір апатты дүние бізге де келген болатын. Ол – Атом бомбасы.

Мінеки, осы аталмыш дүниені жою мақсатында небір жобалар ойлап табылды.

Бүгінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 29-тамыз халықаралық ядролық сынаққа қарсы күн болып белгіленді. Еліміз бейбітшілік сүйгіш саясатымен әлемдік қоғамдастықта өзіндік орнын алған елдердің санатында танылып келеді.

Міне, елдің бейбіт өміріне өз әсерін тигізген бұл апат бүгінде осылайша өз шешімін табуда. Ғылым дамуының ядролық қауіпсіздікке қосқан үлесінің молдығын осы ақпараттардан айқын байқай аламыз. Себебі қозғалыс барысында зардап шеккен халықтың, елдің, жердің жағдайын жақсарту мақсатында қолданылған құралдар, жаңа технологиялар арқасында жағдай өз қалпына келді. Осы жобалар сонымен қатар, ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының студенттері мен ұстаздары дөңгелек үстел өткізіп, жастарға жол көрсетіп, өз үлестерін азда болса тигізуде. Бұл ғылым дамуының дәлелі емес пе.

Калжигитов Н., Такибаев Н.Ж.

ОНЛАЙН ФОРМАТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР

Әлемдік пандемияға байланысты қазір көптеген ғылыми іс-шаралардың онлайн форматында өтіп жатқаны белгілі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Түрксой кафедрасы жанынан құрылған «Құтты білік» интеллектуалды клубы да «Рухани жаңғыру» аясында белсенді жұмыс жүргізуде. Клуб мүшелері магистрант, докторанттар күнделікті сабақпен бірге, онлайн түріндегі барлық вебинар, семинарларға қатыса жүріп, дәріс тыңдап, теориялық жағынан білімдерін шыңдауда. Клубтың мақсаты – қазақстандық ғалымдардың ғана емес, түркітану бағытында орнатылған серіктес шетелдік университеттер жұмысына да өз үлестерін қосу, ғылым көкжиегін кеңейту.

Клуб мүшелері кафедрада ұстаздарымен күнделікті тығыз қарым-қатынаста бола отырып, жоспарға сай онлайн кездесулерге қатысып, түркітанудағы өзекті ғылыми мәселелерді талқылау, зерттеулер, одан әрі дамытуға бағытталған жобалармен таныс болуды мақсат етеді.

Сол үшін А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты жанынан Түркітану мамандығы бойынша Филиал құрылып, институт ғалымдарымен жаңаша бағытта жұмыс жүргізіліп келеді. Кафедра магистранттары мен докторанттары А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының белді ғалымдарымен танысып, ғылыми-зерттеу тәжірибеден өтті. Атап айтар болсақ, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанованың «Жаңа әліпбиде кірме сөздерді орфографиялау принциптері», профессор Айман Алдаштың «Кірме сөздер: қосар дауыссыздар емлесі», ф.ғ.к. Назира Әміржанованың «Латынграфикалы қазақ жазуы: кірме сөздерді кодификациялау» тақырыбындағы баяндамаларын тыңдады.

Сондай-ақ белгілі ғалым, ф.ғ.д., профессор Нүргелді Уәлидің «Қазақ орфографиясының негізгі принципі туралы», «Жаңа басылымның танымдық тағылымы», «Қазақ

өлкесіндегі гидронимдердің тілдік-этномәдени семантикасы», «Қазақтың халық астрономдары-есепшілердің қоғамдағы тарихи орны мен қызметі туралы», «Сөз табиғаты және көркем тіл», «Диалектизмдер құбыжық емес...», «Тілдік жүйе – норма – узус және олардың ортақ тұстары мен айырым белгілері» атты мақалаларын талдады.

Түркия Республикасы, Еге университетінің профессорлары «Trk Dil Kurumu» мүшесі Мұстафа Өнер және Анкарадағы Қажы Байрам Уәли университетінің профессоры, «Trk Dil Kurumu» мүшесі Хулия Хасапоғлуның өте қызықты дәрістерін тыңдады. Мимар Синан университетінің ұстазы, белгілі түрколог, шоқайтанушы Әбдіұзақп Караман өткен кездесу өте мағыналы, әсерлі өтті.

Назарбаев университеті ұйымдастырған «Developing academic skills in 3 languages» тақырыбындағы вебинар да клуб мүшелері үшін өте пайдалы болды.

Сингапур ұлттық университетінің профессоры Мұстафа Изудиннің «Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Қазақстан: Жаңа шекараларды зерттеу және шығармашылық қатысу» атты халықаралық ғылыми-онлайн конференциясы жұмысына қатысты. М.К.Аммосов атындағы Солтүстік-Шығыс Ресей Федеративтік университеті жанындағы Тілдер және мәдениет институт ұжымы мен Шығыстану факультеті, Түрксой кафедрасының ұжымы арасында өткен онлайн кездесуге қатысты. Осы кездесудің жемісі деп Саха ғалымдары ұйымдастырған конференцияларға ғылыми баяндамаларымен қатысуын айтуға болады. Клуб мүшелері бүгінгі күні ғылыми баяндама жасаса, ертең ғалымдардың да осы клуб мүшелері арасынан табылатыны сөзсіз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Шығыстану факультеті,
Түрксой кафедрасы
«Құтты білік» клубының жетекшісі, филол.ғ.к.
Қортабаева Г.Қ.
Аға оқытушы Жанатаева К.Б.

«ӘЗІРБАЙЖАН ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ» ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ



Мемлекетаралық өзара ынтымақтастықты нығайтуда маңызды орын алатын елшілік қызметі кез-келген мемлекеттің сыртқы саясатында зор жауапкершілік ие. Түбі бір, тамыры терең түркітілдес мемлекеттің бірі саналатын Әзірбайжан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында экономикалық қарым-қатынас жылдан жылға артып келеді. Тек экономикалық жағынан ғана емес, тарихи-мәдени тұрғыдан да көптеген жетістіктерге жетуде. Бүгінде ортақ әдеби-мәдени құндылықтарымызды дәріптеу жолында екі елде де қолдан келгенше ауқымды істер тындырылып жатыр. Бұдан үш жыл бұрын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасы жанынан «Әзірбайжан тарихи және мәдениет орталығы» ашылған еді. Сол уақыттан бері осы Орталықта бірқатар ауқымды шаралар өткізіліп келеді.

Бұлардың арасында Алматыдағы Әзірбайжан Республикасының Консул өкілдігі мен «Құтты клубтың» бірлесіп ұйымдастырған Әзірбайжан

Республикасының Мемлекеттік байрағының 100 жылдығына арналған кеш, «Елшілік сағатын», «Әзірбайжан әлемі» журналының, Эльдар Исмаиловтың кітабының тұсаукесер шараларын ерекше атап өтуге болады.

Орталықта ҚР Әзірбайжан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Рашад Мамедов Эйнадиноглумен, Әзірбайжан Республикасынан келген «Деде Горгуд» қорының президенті Эльдар Исмаиловпен, Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік комитеттің диаспорасымен жұмыс туралы сарапшысы Теймур Атаев мырзамен, Гейдар Алиев атындағы «Достық» республикалық қоғамының вице-президенті, Халықаралық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Насиха Кенжина т.б. қонақтармен тағылымы мол кездесулер өтті.

Биылғы жылы Әзірбайжан Республикасы Елшілігінің ҚР Алматы қаласындағы консулы Бахшалиев Ульви Зияддин оглы «Әзірбайжан тарих және мәдениет» Орталығына келіп, орталыққа қажетті техникалық құралдар, ноутбук, моноблок және принтер сыйлады. Кабинетті аралап, Түрксой кафедрасында Әзірбайжан тілі оқытылып және де түрлі іс-шаралар атқарылып жатқанына ризашылығын білдірді.

Бахшалиев Ульви Зияддин оглы Орталықтың алдағы уақытта түркітану ғылымының өрісін кеңейтетін, Әзірбайжан халқының тарихы мен этнографиясын, мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен рухани мұрасын зерттейтін бірден бір орталық болатынына сенім білдірді. Жуық арада кабинетке қажетті оқу-әдістемелік кітаптармен қамтамасыз етуге уәде берді. Осылайша жаңа жыл «Әзірбайжан тарихи және мәдениет орталығы» үшін жаңаша басталды.

Қортабаева Г. К
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Шығыстану факультеті,
Филол.ғ.к Түрксой кафедрасы
Аға оқытушы Назарова А.Ж.